

و لا تقف ما ليس لك به علم
«Өзін білмеген әлдебір
нәрсенің соңына түспе»

ولا تلبسوا الحق بالباطل
«Ақиқатты өтірікпен
бұркемендер»

و لا تعثوا في الأرض مفسدين.
«Жер бетінде бұзықтық
таратып жауыздық
жасамаңдар»

و لا تعتدوا.
«Рұқсат етілгеннің
шегінен шықпаңдар»

و غضض من صوتك
«Дауысыңды бәсеңдет»

و اخفض جناحك للمؤمنين.
«Мүмин-мұсылмандардың
алдында (кішірейіп)
қанатыңды жай»

و لا تصعر خدك للناس
«Адамдарға паңсып жүзінді
теріс бұрма»

ولا تمش في في الأرض مرحا
«Жер бетінде даңдайсып
жүрме»

ادفع بالتي هي أحسن.
«Жамандықты
жақсылықпен тойтар»

خذ العفو و أمر بالعرف.
«Кешірімді бол және
жақсылыққа шақыр»

و اعرض عن الجاهلين.
«Надандардан бет бұр»

و اقصد في مشيك.
«Жүрісінде (кішірейіп)
орташа бол»

و لا تنابزوا بالأنقاب.
«Бір-біріне жаман ат
тағыспаңдар»

و لا تأكلوا أموالكم بينكم بالباطل
«Мал-мүліктеріңді өзара
қақысыз жемендер»

لا تبطلوا صدقاتكم باليمن و الأذى
«Садақаларыңды міндет
кылумен және ренжітумен
жоймаңдар»

ادع إلى سبيل ربك بالحكمة
«Рабыңның жолына
даналықпен шақыр»

اجتنبوا كثيرا من الظن
«Көптеген күдікті ойлардан
аулақ болыңдар»

و لا تجسسوا.
«Біріңді бірің аңдымаңдар»

و لا يغتب بعضكم بعضا
«Бір-біріңді ғайбаттамаңдар
(сыртынан жаман сөз
сөйлемендер)»

و لا يسخر قوم من قوم
«Бір ел бір елді тәлкек
кылмасын»

و أطعموا البائس الفقير
«Мұқтаж жоқ-жітіктерді
тамақтандырыңдар»

و بالوالدين إحسانا و ذي القربى و اليتامى
«Ата-анаға, туған-
туыскандарға, жетімдерге
жақсылық жасаңдар»

و إذا حييتم بتحية فحيوا بأحسن منها
«Егер сендерге сәлем берілсе,
одан жақсырағымен жауап
қайырыңдар»

ادخلوا في السلم كافة
«Исламға толық кіріңдер»

و قولوا قولا سديدا
«Дұрыс сөз сөйлендер»

أنفقوا مما رزقناكم
«Сендерге берген
несібімізден (Аллаһ
жолында) жұмсандандар»

و آتوا اليتامى أموالهم
«Жетімдердің мал-
мүліктерін беріңдер»

و لا تبدلوا الخبيث بالطيب
«(Өздеріңнің) жаман (мал-
мүліктеріңді жетімнің) жақсы
(мал-мүлкімен)
алмастырмаңдар»

و احفظوا أيمانكم
«Анттарыңды
орындандар»

و تعاونوا على البر و التقوى
«Бір-біріңіз ізгілік пен
тақуалықта көмектесіңдер»

و لا تعاونوا على الإثم و العدوان
«Бір-біріңіз жамандықта
көмектеспеңдер»

و قولوا للناس حسنا
«Дұрыс сөз сөйлендер»

كونوا قوامين بالقسط
«Әділдікте мықты тұрыңдар»

و زنوا بالقسطاس المستقيم
«Тура таразымен
тартыңдар»

و أوفوا الكيل إذا كلتم
«Өлшегенде тура өлшендер»

و أوفوا بعهد الله إذا عاهدتم
«Аллаһқа берген
серттеріңді орындандар»

اعدلوا
«Әділ болыңдар»